

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 10 (523) 16 маусым 2022 жыл



АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ — ӘЛЕМДІК ҮЗДІК УНИВЕРСИТЕТТЕР ҚАТАРЫНДА

Университетіміз QS World University Rankings – әлемдегі ең танымал әрі ықпалды әлемдік университет рейтингінде бұрын-соңды болмаған нәтижені тіркеді. Бұл рейтингке әлем бойынша 2462 университет қатысып, соның ішінде 1422 жоғары оқу орнына баға берілді.

Ахмет Ясауи университеті жыл сайын маусым айында жарияланатын беделді халықаралық үздік университеттер рейтингі QS World University Rankings 2023 бойынша биыл 714-ші орынға шығып, ең үздік 1000 университет қатарына алғаш рет енді.

А Қ П А Р А Т Т А Р А Ғ Ы Н Ы

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫНДАРЫ

«Түркі халықтарының зияткерлік ойындары» орталығы түркі әлеміндегі тұңғыш жоба ретінде университетіміздің қабырғасында ашылып, тұсауы кесілді. Орталықтың мақсаты — түркі халықтарының зияткерлік ойындарын жастарға насихаттап, түбі бір түркі жұртының мәдениетін таныту, дамыту. «Түркі халықтарының зияткерлік ойындары» орталығының ашылу салтанатына Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының президенті Алихан Байменов, вице-президенті Мақсат Шотаев арнайы келді. Орталықтың ашылу рәсімін ректор Жанар Темірбекова құттықтау сөзімен ашты. Ректор «Түркі халықтарының зияткерлік ойындары» орталығының Түркі әлеміндегі тұңғыш жоба ретінде біздің университетіміздің қабырғасында ашылып отырғанын айрықша атап өтті. Жанар Амангелдіқызы 30 жобаның бірі ретінде ашылған жаңа орталықтың тұтас Түркі әлемінің зияткерлік ойындарының ұстаханасына айналатынына сенім білдірді.

СТУДЕНТІМІЗ ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ

Бокстан қыздар арасында Венгрия мемлекетінде өткен халықаралық турнирде студентіміз Шойбекова Гаухар алтын алқа тақты.

Жарыс 2022 жылғы 7 маусым мен 11 маусым аралығында Эгер қаласында өтті. Шәкіртіміз байрақты бәсекеде 70 келі салмақ дәрежесінде жұдырықтасып, тұғырдың биігінен көрінді.

Айта кетейік, Шойбекова Гаухар — Спорт және өнер факультетінің 1-курс студенті.



QS World University Rankings жоғары объективті болып саналады, өйткені барлық мәліметтер мен рейтингтің әдістемесі сыртқы аудит үшін қол жетімді. QS рейтингінде бағалау — Академиялық бедел көрсеткіштері, Жұмыс берушілер алдындағы беделі, Студенттер саны мен оқытушылар құрамының ара қатынасы, Ғылыми жарияланымдарға сілтемелі басылымдар, Шетелдік оқытушылар мен студенттердің үлесі, яғни халықаралық ынтымақтастық сияқты алты критерийге негізделген.

Осы жағымды жаңалықтың алдында ғана, көктем айларында Ахмет Ясауи университеті әлемнің ең үздік университеттерінің пән бағыттары бойынша бірден үш рейтингке қатарынан енген болатын. «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» (Arts & Humanities) салалық рейтингінде 362-ші орынға, «Заманауи тілдер» (Modern Languages) пәндік рейтингінде 211-ші орынға, «Білім және оқыту» (Education and Training) пәндік рейтингінде 308-ші орынға көтерілді. Ал жарты жыл бұрын, оқу орнымыз Quacquarelli Symonds (QS) Emerging Europe and Central Asia (EECA) University Rankings регионалды рейтингінде бірден 45 позицияға алға жылжып, 130-шы орынға көтерілген болатын. Соңғы кезеңдерде Ахмет Ясауи университетінің білім беру, ғылым, мәдени-әлеуметтік бағыттағы әлеуеті елеулі артты. Ал университет ғалымдары Scopus мәліметтер базасында және Web of Science сайтында пікір жазылатын журналдарда 1000-ға жуық мақалалар жариялады. Мұның барлығы ұжымның соңғы бірнеше жылдар бойы атқарып келе жатқан жемісті еңбегіне байланысты екені сөзсіз.

Ұжымды тамаша нәтижемен — оқу орнымыздың әлемнің үздік университеттері қатарына қосылуымен құттықтаймыз!

МЕДИЦИНА ФАКУЛЬТЕТІ АНАТОМИЯЛЫҚ ПРЕПАРАТТАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

Медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында университетіміздің Медицина факультетінің «Адам морфологиясы және физиологиясы» кафедрасы анатомиялық жаңа препараттармен толықты. Германияның 3B Scientific (3B Сайнтифик) халықаралық компаниялар тобы өндірген 91 дана препарат Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігінің (ТІКА) демеушілігімен жеткізіліп отыр. Аталмыш препараттар «Адам морфологиясы және физиологиясы» кафедрасының Анатомия пәніне арналған арнайы оқу бөлмесінде қолданылатын болады.

Денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында жүзеге асқан жағымды жаңалықпен университет басшылығы арнайы танысып, медициналық құнды заттарды көрді. Университетіміз Өкілетті Кеңесінің Төрағасы, профессор Мухиттин Шимшек, университет ректоры Жанар Амангелдіқызы Темірбекова және Ректор Өкілі, профессор Женгиз Томар оқу орнымызға қарасты Клиника-диагностикалық орталығының жұмыс барысын зерделеп, кафедраға табысталған анатомиялық препараттармен танысты.

Өкілетті Кеңес Төрағасы, профессор Мухиттин Шимшек жұмыс барысымен танысу қорытындысына сәйкес пікір білдірді. Төраға өңірдің денсаулық сақтау саласына үлес қосу және медицина мамандарын сапалы даярлау мәселесі басты назарда тұратынын жеткізді. Осы бағытта университетімізде барлық жағдай жасалып отырғанын және де алдағы кезеңде қолдау шаралары арта беретінін тілге тиек етті. Профессор Мухиттин Шимшек материалдық-техникалық жабдықтаумен қатар, сапалы маман дайындау мәселесі аясында «Ана жұрттан ата жұртқа – денсаулық көпірі» жобасы жалғасатынын мәлімдеді. Бұл бағытта Түркия Республикасының озық клиникаларынан білікті мамандар университетімізге келіп, тәжірибелерін бөлісетін болады және біздің мамандар Түркияда біліктілік арттырады.

Айта кетерлігі, Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігі демеушілік жасаған анатомиялық препараттардың жалпы құны – 65 738 (алпыс бес мың жеті жүз отыз сегіз) долларды құрап отыр.

«Бір қадам алда жүру» ұранымен қызмет атқаратын 3B Scientific (3B Сайнтифик) халықаралық компаниялар тобының өнімдерінің 90 пайызға жуығы Германиядан тыс елдерде саудаланады. 3B Scientific® бренді аясындағы өнімдерді әлемнің жүзден астам мемлекеті тұтынады.

ІС-ТӘЖІРИБЕ ТАҒЛЫМДАМАСЫ

БІЗ ТӘЖІРИБЕДЕМІЗ!



ЖУРНАЛИСТ БОЛУ - АРМАНЫМ!

Журналистика-ар ұждан мен қоғамның айнасы. Бұл салаға келгендегі басты мақсатым ой еркіндігі мен сөз бостандығына қол жеткізіп, бүгінгідей мәңгүрттік дерті саналарды улап жатқан қоғамда, бұқара жүрегіне жылу сыйлап, журналистиканың жілігін шағып майын ішетін нағыз төртінші билік иесі, білікті маман болу. Зымырап өтіп жатқан бір уақыт. Ғаламда болып жатқан қазіргі таңдағы өзгерістерге байланысты журналистика да жаңа көзқарасты, жаңа ұғымды, жаңаша ойлауды талап етеді. Мен таңдаған мамандық бала кезімнен алдыма қойған мақсатымның, қиялымда кеңге қанат жайған асқақ арманымның нәтижесі — ол журналист болу. Қарапайым көп журналистердің бірі емес жаһандық аренада танымал қазақ журналисі болу. Қазақ еліндегі журналистика саласының беделін әлемдік деңгейдегі елдермен теңесуіне септігімді тигізу. Журналист болғым келеді..... Бұл ой маған ғайыптан не болмаса ата-анамның қалауы арқылы келген жоқ. Қазіргі жүректегі «Журналист боламын» деген жалын оты бала



кезімнен тұтанып жүрегімнің төрінен орын алған болатын. «Өзіңе сен өзінді алып шығар ақылыңмен еңбегің екі жақтап» дей отыра адамдар арасында жүріп, олармен тіл табысып қандай да бір мәселелерге ой қосып шешімін тауып өзіме жүктелген міндетті кемшіліксіз атқару үшін қабілетімді одан әрі дамытып отырғым келеді. Әр адам кез-келген нәрсені өзі істеп көрмейінше өз басынан өткермейінше үйрене алмайды. «Көз қорқақ-қол батыр» деген нақылдың мағынасы да сол қисынды түсіндіреді. Журналистика — күш, ашық пікір, шынайы мінез, тұңғыштық ой, талғампаз көзқарас анық көрінетін бірден-бір мамандық. Қоғамдағы көкейтесті, өткір мәселелерді қозғайтын да сала. Оны қоғамның «төртінші билігі» деп атайтыны да содан. Менің арманым — менің болашағым. Болашақта өз ісімнің шебері болып, өз саламның шыңына табан тіреп тұратын күнге де жетемін деген үміттемін. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатарына бақ болып менде қонармын!

**Диана Серікқызы,
1-курс студенті**

ЖАТАҚХАНА – ЖАНҒА ЖАЙЛЫ МЕКЕНІМ!

Өміріміздің бал шағы студенттік өмір болса, соның ең тәттісі жатақханада болатыны белгілі. Студенттің қызық пен шыжыққа толы өмірі жатақханада өтеді. Мүмкін содан болар, көп адамдар студенттік өмір дегенде, жатақхананы да бірге еске алады. «Жатақханада тұрмаған студент - студент емес» деген пікір ел арасында айтылады. Алайда студент қандай жерде болмасын, оның студент екендігін дәлелдейтін дүние көп. Алайда жатақханада өмір сүрудің қызық екендігін сөзбен айтып тауысу мүмкін емес ау, сірә...

Өз үйімізден жырақтап, алғаш студент болған кез - әр адамның мәңгі жадында қалары сөзсіз. Себебі ата-анасыз, бауырларыңызсыз, өзіңнің есейгеніңді ұғынып, өмірге деген көзқарасымызды да өзгерте бастаймыз. Осы тұста жас ақын Бауыржан Әлқожаның студенттердің жатақханасы туралы төмендегідей өлең шумақтарын еске түсіруге болады:

Шырайыңда алаулап
гүлдегі арай,

Оқу залын ду қылдық
бірге талай.

Күн жарықта мүлгітін
жатақхана,

Оянатын сілкіне түнге
қарай.

Шыныда да, әртүрлі қала мен ауылдан сарылып келетін студенттер, жоғары оқу орындарына түсіп, өз мамандықтарының білікті маманы болып, ата-аналарының үмітін ақтау басты мақсаттары болады. Тіпті «Жатақхана» деген жазуды оқығанда, әр студенттің жүрегінің дүрсіл қағары анық. Өйткені жыл сайын мемлекет тарапынан жатақхана алу көп студенттің арманы десек те артықтық етпес. Сондықтан деканаттан жатақханаға тұруға рұқсат қағаз алған студенттің бір арманы орындалған сияқты көрінеді. Сабақ басталған сәтте, қолдарына қос-қос чемоданмен ағылып келіп жатқан студенттерге қараудың өзі бір бөлек көрініс қой, шіркін. Жатақханаға келіп, бір-бірімен жақын танысып, бөлмелерін жинап, заттарын реттеудің өзі мен үшін ең керемет жұмыс болып көрінеді...



Мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде журналистика мамандығы бойынша білім алудамын. Менің де ең алғаш жатақханаға келген сәтім әлі есімде. Бізде бірінші семестр онлайн болса да, мен жатақханаға келіп тұруды жөн санадым. Енді бірінші курсқа түскен соң болар, жатақханаға тұруға қатты қызықтымын. Ауылдан заттарымды дорбалап, Түркістан қаласына келіп, университетіміздің №2 қыздар жатақханасына келіп тұрақтадым. Жатақханаға кірген сәттен бастап, мені қыздар жылы қарсы алды. Заттарымды жайғастырып болған соң, бірден ішін аралауға кірістім. Барлығы менің ойымдағыдай болды. Әр апта сайын жатақхананың ішінде түрлі шағын концерттер, қызықты ойындар болатын. Мен де жатақхананың ішінде болатын осындай қызықты сәттерді ұйымдастыруға өз үлесімді қоса жүрдім. Ал бізде жатақхана түнгі 23:00 де өз есігін жабатын. Яғни барлық қыздар 23:00 ге дейін ішке кіруі қажет. Бұл жатақхана заңдарының бірі. Ал егер кешіккен жағдайда АКТ толтырылады. Кемінде 3 АКТ жазған адамға, келесі жылы жатақхана берілмей қалу қауіпі бар. Бір қызығы мен ешқашан жатақханаға кешікпегенмін. Мүмкін алда әлі 3 жыл бар екенін білгендіктен, сақтанғаным болар...

Ал міне, уақыттың жылдамдығына тағы бір дәлел. Себебі көзді ашып – жұмғанша 1-курсты да аяқтап қойғанымды өзім мүлде байқамай қалдым. Кейде жатақханада үйімді сағынып жылап та алатыным бар еді. Міне енді, санаулы күндерден соң әркім өз ауылына қайтады. Ал мен жатақхананы, бірге тұратын дос қыздарымды қимай жүрмін. Тіпті мен университет пен жатақханадағы қызықтарды салыстырсам, жатақханада ерекше болғанын айта алар едім. Оқуға түсетін әр студентке жатақханаға тұруға кеңес берер едім. Себебі, жатақхана – жанға жайлы мекенім!

**Аяужан Аманова,
1-курс студенті**

АСТАНАДА КӨШЕСІ БАР АБЫЗДЫҢ!

Қазақ елінде ғасырлар қойнауынан бірге жасасып келе жатқан халықтың қасиетті деп санайтын мерекесі Наурыз тойланғанда, бұған да қарсы шығып, елді қуанышынан, сүйікті мерекесінен айырған тас жүрек жандарға деген реніш оянады. Сонымен бірге, сол мерекені қайтару үшін, оның қасиеті мен тарихын зерттеген зиялы азаматтарды да еске аласың. Наурыз мерекесінің діни мейрам емес екенін дәлелдеп, біраз мақалалар жазылды, ел басшыларының құлақтарын алдымен осылай үйретіп алуға мәжбүр болғаны ғой. Одақтағы түрік республикалары бізден бұрын бұл мерекені ұлттық мереке етіп тойлап жатты. Әр қазақтың "Өзағасы" болған Өзбекәлі Жәнібековтің мемуарлық кітабында бір естелік айтылады. "... Академияның ғалымдарымен жүздесу кезінде белгілі ғалым Рахманқұл Бердібай: - Наурыз мерекесін жалпы ұлттық мереке ретінде тойлайтын мезгіл жеткен жоқ па, үкімет оған қашан рұқсат береді? - деп сұрады". Қазақтың Өзағасы да бұны тез қолдап жібереді де, 1988 жылы қазақ елінің біраз өңірлерінде, Алматының үш ауданында Наурыз тойланады. Наурыз тойының өткізілуіндегі іс-шараларға, тіпті ұмытылып бара жатқан Наурыз көшені дайындауға да ғалым Рахманқұл Бердібай кеңесші ретінде басы қасында жүреді. "Халық сағынып қалған екен, ерекше ықыласпен тойланды сол наурыз", - деген еді Наурыз мерекесіне арналған дәрісі кезінде. Наурыз мерекесі қарсаңында Астана қаласындағы Рахманқұл Бердібай есімімен аталатын көшеге бардық, іштей қадірлі ғалымның аруағына зиярат еттік... Көше өте ұзын емес, бірақ сәнді үйлер бой түзеген, әдемі көше екен. "Ол кісінің өзі де эстет еді ғой, көшесі де өзіне лайықты екен", - деді үлкен ұлымыз Дініслам. Көшеге біраз қарап тұрдым, көше бойлап біраз жүрдік. Есімі жазылған, бірақ тұрғындар бұл есімнің сырын біле ме екен? - Ойланатын, ізденетін жан табылар ма екен? - деп ойландым. Раханның бір кезде Түркістан қаласында бір көшеге Нәзір Төреқұловтың атын бергізгені есіме түсті. Сол көшені бір күні жаяу аралап, көше тұрғындарынан Нәзір Төреқұловтың кім болғанын сұрап шығыпты. Ешкім білмепті, ешкім сұрастырмапты да, білгісі келген ыңғай да танытпапты. Соған қатты ренжіп отырғаны көз алдыма келді... Нәзір Төреқұловтай ұлы тұлғаны ешкім білмегеніне қатты намыстанып еді. Біразына өзі



қала беретінін әлемді мойындатқан бабамыз әл Фараби де айттып кеткен. Ғалымның қалдырған мол мұрасын пайдаға жаратып, ұлт құндылықтарын ұрпақ тәрбиесінде қолданып жүрміз бе, әлде шетелдің жанымызға қабыспайтын арзан көшірмелерін тықпалап жүрміз бе? Қазіргі ата-ана мен бала, ұстаз бен шәкірт арасындағы қиюы қашқан байланыстардың шешімін таппай жүрген жандар өз ғалымдарымыздың мұраларынан керекін неге іздемейді екен?

Рахманқұл Бердібай - әдеби сыншысы болып бастап, ең күрделі жанр роман зерттеушісіне айналған, жасынан ән мен жыр, күй тыңдап, қазақ ұлтының бай мұрасын бойына сіңіре жүріп, ұлттық мұраны насихаттаушысы іздеушісіне айналған, эпостық жырларды зерттей жүріп, ірі түріктанушы ғалымға айналған, ел ішіндегі түрлі мәселелерді көрсетіп басталған хабарлама мақалалары, біртіндеп ірі әлеуметтік, саяси мәні бар проблемалық мақалаларға ұласып, қадамы қарымды журналист-жазушыға айналған көп қырлы, энциклопедиялық білімді ғалым. Өзі: "Қызығым да, қасыретім де - қазақ, қазақ тарихы", - дейді. Қызығы болған нәрсе қасыреті болғаны несі? Бұны да ғалымның мол мұрасын зерделей оқыған жан ғана түсінеді. Қазақтың, арғы түбі түліктің мәдени мұраларының шын бағасын таныған ғалым, оны қызықтап қарайды, мақтанышпен сөз етеді. Ал, сол ғажайып бай мәдениет жоғалып бара жатқанын, қолдайтын ұрпақ теріс айналып, баға жетпес қазына желге ұшып жатқанын көргенде қасірет болмай ма? Қазақ тілінің мүшкіл халінің өзі қасырет қой...

Биыл ғалым Рахманқұл Бердібай және оның құрдастары, қазақ ғылымының бір шоғыр шоқ жұлдызы тоқсан бес жасқа толып отыр. Бір таң қаларлығы бұлар туралы, олардың мерей тойларына лайықты үн есітілмейді. Мен әлде байқамай жүрмін бе?

Рахманқұл Бердібай өз қолымен жазған өмірбаянында: "1927 жылы 2 желтоқсанда Түркістан мен Ордабасы аудандарының ортасындағы Көкіш деген ауылда дүниеге келіппін", - деп жазыпты. Демек ғалымның тойы Түркістан мен Ордабасы аудандарында бастау алуға тиіс деп ойлаймын. Ғасырға жуық тарихы бар Түркістан қаласындағы педагогикалық училищеден білім алған, бұл оқу орнын бітірген үш академик бар. Сол училище ұжымы өз түлегін мақтанышпен еске алып, жыл бойы ғалымды танытатын іс-шаралар өткізіп жатса, жарасымды емес пе? Ғалым Кентауға қарасты Ащысай ауылында сегіз жылдық мектепті бітірген. Сол мектепке өз кітапханасынан 500-дей кітап сыйлағанын білемін. Сол мектеп өз түлегін мақтаныш етіп, шәкірттерге үлгі ретінде ғалымға арналған түрлі танымдық іс-шаралар өткізгені жөн емес пе?

Ғалым соңғы жиырма жылын Түркістан қаласында, Қ.А.Ясауи атындағы университет қабырғасында өткізді. Кафедра басқарды, ғылыми кеңес құрып, басқарды, Түркология ғылыми зерттеу институтында ғылыми қызметкер болды. Ясауи кітапханасына кітаптарын сыйға тартты. Сол орындардың бәрінде ғалымның жарқын іздері қалды, еске алуға тұрарлық қызметі бар...

Қазақтың ҰҒ академиясында ұзақ жыл қызмет атқарды. М.Әуезов атындағы Әдебиет институтының аспиранты, ғылыми қызметкері, кейін Фольклор бөлімін басқарды. Ұланғайыр еңбек қалдырды. Бұл жерде де аты ұлықтанып, еңбегі еленіп жатса, ғалымның өзі үшін емес, қазіргі ғылымда жүрген ғалымдар үшін пайдалы болар еді.

М.Әуезовтің музей-үйіндегі қоғамдық университетті басқарғаны, онда аңызға бергісіз қызмет атқарғанына аға буын өкілдері жақсы біледі. Қазір ғалымның өз аты беріліп әлі де қызмет етіп жатқанын оқып қаламын. Сол жерде де ғалымның мерей тойына арналған үлкен жұмыстар жүруге тиіс емес пе? - деп ойлаймын.

Әншейін атап өту мақсат емесі анық, ғалымның әр мақаласы, әр кітабы ұлтымыздың қасыретін анықтап, қызығына бойлататын мәні терең еңбектер. Соларды әңгіме арқауы ете отырып, қазіргі ұлттық проблемаларға шешім ізделер еді. Ғалымның әрбір сөзі бүгінгіміз үшін, ертеңімізді ойлануға жетелейді...

Астанада көшесі бар Абыздың... Жүрдің бе сен көшесімен Абыздың?..



түсіндіріп беріпті. Біз көшеде ешкімді кездестіре қоймадық...

Өзінің сырлас, сыйлас, ғылымда да, рухани өмірде де пікірлес болған құрдасы профессор Тұрсынбек Кәкішев: "Роман, (ол кісіні құрдастары солай атайтын) сен ұлтыңның алдында еш қарызсыз кетіп барасың", - деп еді, соңғы сапарға шығарып салып тұрып. Түркиядан келіп қызметтес, пікірлес болған түрік ғалымдары "Бүгінгі күннің Дәдем Қорқыты" деп атап кетті. Ғалым Дандай Ысқақов ол кісіні "Абыз" деп атаған есіме түсті. Бұл атаулар жайдан - жай айтыла салмайтыны, кез келген жанға бұйырмайтыны да белгілі. Демек осыларға лайық еңбегі болғаны ғой. Ғалымдардың айтқандарын кәдеге жаратпаса, ол пайдасыз болып, ұмытылып

Жанымгүл КАМАЛҚЫЗЫ,
ардагер ұстаз
Астана.30.03.2022.

БІЛІМГЕР

Студенттер беті

АУДИТОРИЯ

КИЕЛІ ТҮРКІСТАН -
ДАМУДЫҢ ДАҒҒЫЛ ЖОЛЫНДА

Ежелгі заман мен қазіргі заманның көпірі болған қала — Түркістан қаласы. Түркістан қаласының іргетасы V - IV ғасырларда қаланған. Бұрынғы атаулары Йасы, Шағбар. Қазақ хандығының астанасы болған көне қалалардың бірі. XIV ғасырдан бастап бұл қаланың басты ерекшеліктерінің бірі «Қожа Ахмет Яссауи» кесенесі. Өлі күнге дейін өзінің киелі тарихымен ерекшеленеді. Кесене аумағында қазақ хандары, батырлары жерленген. «Қожа Ахмет Яссауи» кесенесіне ниет етіп келушілер өте көп.

2018 жылы 19 маусымнан бастап Түркістан облыс орталығы болып аталды. Облыс орталығы болғаннан бастап, қала қарқынмен даму үстінде. Қалада биік тұрғын үйлер, спорттық кешендер, әуежай мен теміржол, мәдениет үйлері, сауда және ойын - сауық орталықтары салынып жатыр. Құрылыс жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілген нысандар да бар. Атап

ат шоуын өткізуге арналған амфитеатр, сауда жасауға арналған дүңгіршектер, қонақ үйлер мен мейрамханалар, кинотеатр, ойын - сауық орталықтары бар. 4 000-нан астам жұмыс орны кіреді. Бұл кешеннің бірден - бір ерекшелігі барлық құрылымдар су арнасы арқылы байланыстырылған, су арнасы арқылы «қайық шеруі» жүріп отырып театрландырылған түрлі шоулар өткізіледі. Бұл халықтың, туристердің керемет уақыт өткізуіне таптырмас жер деп айта аламын.

Себебі, адамдар бір кешеннің өзінен өзімізге керекті дүниелерді таба аламыз. Демалып, түрлі шоуларды тамашалап жүріп, сауда жасауға таптырмас жер. Нысанның ашылу салтанаты 2021 жылы 10 сәуірде өткізілді. Кешке Премьер - Министр Асқар Мамин, Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев, мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова, сондай - ақ осы кешеннің инвестор компаниясының өкілі Қуанышбек Құдайберген қатысты. Осылайша, «Керуен - сарайы» өзінің ерекше құрылысымен адамдарды өзіне баурап жатыр. Қазіргі таңда осы кереметті тамашалау үшін келген халық саны күн сайын артауда. Түркістан қаласының даму жолы жоғары деңгейде жалғасып жатыр деп айта аламын. Түркістан қаласы өзінің киелі болмысымен әлі де өзінің ерекшелігін жоғалтпады, болашақта да дамудың даңғыл жолында жүретінін сеніммен айта аламын.

Тарихы тереңде жатқан киелі Түркістан қаласының кереметін әр адам өз көзімен көргені дұрыс. Адамды өзіне жіпсіз



айтатын болсам, қала орталығынан «Rixos» халықаралық қонақ үй кешені қазіргі уақытта жұмысын бастап кетті. Тағы да құрылысы күрделі туристік «Керуен - сарай» кешені ашылды. Нысанның құрылысы 2019 жылы желтоқсанда басталды. Бұл нысан «Қожа Ахмет Яссауи» кесенесіне қарама - қарсы аумақта орналасқан. Кешен өте үлкен және кең. Бұл сарайда Жібек жолы дәуіріндегі саудагерлер мен қолөнершілер көшесі, Шығыс базары, ұшатын театр,

байлап алатын сұлу көрінісі соншалықты, тек үнсіз ғана тамашалап ертегі әлемде жүрген секілді күй кешесің. Шет елден де кем түспейді. Дамудың даңғыл жолындағы киелі Түркістан қаласы ежелгі заман мен қазіргі заманның тарихы тереңдегі көпірі болып мәңгілікке қалмақ !

Асылай САЙРАМБАЙ,
1-курс студенті.

СТУДЕНТТІК ӨМІР – ҚАЙТАЛАНБАС ДӘУРЕН

Студенттердің әр күні мерекедей өтсе де, күнтізбеде 17 қараша – студенттер күні болып белгіленген.

Студенттік өмір - өмірдің ең керемет, ең шуақты сәті. Міне мен де студент атандым. Нақтырақ айтсам, ХҚТУ-дың журналистика мамандығы бойынша оқуға түстім. Мені мұнда әдебиетке деген шексіз махаббатым мен бала күндегі арманым жетелеп әкелді. Журналист мамандығын игеруде талай қиындықтарға толы мың белесті бағындыруым керек екенін түсіндім. Себебі журналист болу - елдің сөзін айту арқылы қоғам назарын өз пікіріңе аудару секілді қасиетті парызды арқалаған қастерлі мамандық. Алдағы 4 жылдағы біздің мақсатымыз - сол қастерлі мамандықтың қыр-сырын жетік меңгеруде жатыр.

Шынымды айтсам, биыл ғана студенттік өмір – ең қызықты сәттер дегенге толығымен көзім жетті. Әсіресе 1-курстың орны ерекше болды. Ең қызығы, әрі ең керемет кезі осы жатақханада. Кең бөлмелері бар үйіңізді артта қалдырып, шағын ғана бір бөлмеде төрт-бес адам болып тұру сіздің «зона комфортаңыздан» шығарады. Бірге күлу, жылау, көмектесу, бірге жүріп, бірге тұру секілді дүниелерді бастан кешесіз. Көршіңізге емес, көрші бөлмеге қонаққа бару, туған күн кештерін жасау, ән салу, би билеу, әңгімелерді шемішкідей шағу – бәрі сіздің өміріңізге үйреншікті дүние болып қалады. Алайда алғашқыда сол таңсық дүниеден жаңаша өмірді достармен бірге сүруге деген ынтаңыз артады. Тіпті жатақхана екінші үйіңіздей болып, қателіктеріңізді кешіріп, жақсылығыңызды арттырады. Жатақхана жайлы тағы бір қызықты оқиғам бар. Апай-ағайлар көріп қалса түсіністікпен қарар деген ойдаямын.

Жаз келді. Емтихандар аяқталды. Достарымызбен күннің шығуын



қарсы аламыз деп сыртқа шықпақ болып шештік. Сағат 23:13 шығуға үлгермей қалдық. Комендат апайға өтініш айтсақ та жібермей қойды. Бір білеріміз қандай амал тапсақ та шығу керек. Әрі ойланып бері ойланып терезеден өрмелеп түсеміз деп шештік. Жоспарымыз сәтті іске асты.

Студенттік өмір - жаңа танысу уақыты, дәл осы жерде сіз көптеген қызықты және білімді адамдарды кездестіре аласыз, біреу осы уақытта өзінің махаббаты мен жақын достарын табады. Менің де осы 1-курс кезімде ортам толысты. Университетімізде «Журналистика» мамандығы бойынша жоғары оқу орындары студенттерінің

Республикалық пәндік олимпиадасы өтті. Еліміздің 16 университетінен мықты журналист достар таптым, жаңа таныстықтар пайда болды. Студенттік өмір - бұл сөзсіз, көп қызық. Жаңа және ескі достармен сөйлесу, кештер, кинотеатрға бару, бірге түнеу - бұл алда болатын барлық нәрсенің бір бөлігі ғана, тек ойға бірінші келетін нәрсе!

Студенттік жылдар - бұл әлемді көрудің, жаңа көкжиектерді ашудың, алмасу бағдарламаларының арқасында әлемді саяхаттаудың және соның нәтижесінде мәдени ағартушылық пен біліміңізді арттырудың жаңа, құнды мүмкіндігі. Университетімізді бұл тұста бізге берер мүмкіншіліктері мол. Мәселен, Ерасмус, Мевлана, Орхун бағдарламалары бар. Мен де өз бағымды сынап көруді шештім. 2-курстың көктемгі семестрінде Измир қаласына оқуға түсуді жоспарлап отыр-

мын.

Осы тұста менің берер кеңесім, студенттік жылдардан қолыңыздан келгеннің бәрін алыңыз. Өйткені, қанша қаласаңыз да, ақырында осы уақытты қайтаруға тырыссаңыз да, ол бір рет қана болады және ешқашан қайталанбайды.

Ақерке БЕРЕКЕШОВА
1-курс студенті.

АУЫЛДАҒЫ ДЕМАЛЫС

Мен ауыл десе ішкен асымды жерге қоятын тентек, қайсар мінезді қыз болып өстім. Туған жерім ауыл болмаса да, балалық шағым өткен жер еді. Ата-әжемнің қасында жүріп ақыл тыңдау, аулада көрші балалармен түн батқанша ойын ойнау, қорада жүрген малдарға қарау маған қатты ұнайтын. Жаз мезгілі. Қарама-қарсы үйдегі әтештің дауысынан оянып кетіп, далаға шықтым. Есікті ашып қалғаным сол еді, күннің нұры бетіме түсті. Есік алдында атам мен әжем, туысқан әпкем бұрқыратып шай ішіп отыр екен. Атам мені қасына отырғызып, үстел үстінде тұрған жаңа піскен нанға майды жағып берді. Өзім тойсам да, көзім тоймай жей бердім. Атам ас қайырған соң, әжеме үстелдегі заттарды жинауға көмектестім. Әжем бауырсақ жасауға кірісіп кеткен. Атам болса сырттағы тірліктермен айналысып жатыр. Әпкем ауланы сыпырумен қолы босамай жатыр. Мен болсам піскен бауырсақтарды қолыма толтырып, далаға жүгіріп шықтым. Шыққан бетім сол еді, мені көрген әпкем:

-Тоқта, қазір су таситын уақыт болды. Шелектерді бөліп аламыз, ешқайда кетпе,- деді.

Ыстық бауырсақтарды жеп алып, әпкеммен бірге суға бардым. Су алатын жердің қасында ұзын лас көл болатын. Бұл арық жайлы үлкен кісілер "арықта көп жыландар бар, жоламау керек"-деп айтатын. Достарыммен бірге жүргенде арыққа жолауға қорқатын едім. Су алатын орынға келіп жеттік. Шелектерді әпкемнің жанына қойдым да, арықтың ортасындағы тақтайға тұрып алдым. Менен алыс жердегі әпкем маған мән бермей, өз жұмысына кірісті. Екеумізден басқа адамдар судың басына келе қоймаған кез. Айналамда түрлі көбелектер мен инеліктер ұшып жүр. Қызығып кетіп, үлкен әдемі инелікті ұстауды жөн көрдім. Өзі ерекше үлкен, қанаты жарқырап тұрды. Жай қолымды былғай салып, ұстағым келді. Оңайлықпен ұстата қоймады. Бір кезде инелік менің тұрған жерімнен алыс шөпке қонды. Мен қолымды созып көбелекті



ұстауға көштім. Қызықтап тұрып жалғыз тақтайға тіреп тұрған аяғым тайып кетпесі бар ма?! Көбелекті ұстаймын деп жүріп, арықтағы лас суға құлап қалдым. Барлық қызығушылығым бір сәтке басыла қалды. Үлкендердің жылан туралы айтқаны есіме түсіп, жылап жібердім.

-Әпке, көмектесіңізші - деп, қайта-қайта судан басымды шығарып айқайладым. Әпкем еститін емес.

Мені көрмей шелектерді толтырып жатқан еді. Тақтайға шығайын десем, бойым жетпей жатыр. Жүзіп шығайын десем, жүзе алмайтын

ным тағы бар. Ойыма түрлі жаман ойлар келді. Жанталасып, бар дауысыммен айқайладым. Өзер дегенде, мені байқап қалды. Жүгіріп келіп, қолымнан тартып шығарды. Лас судан шыққан мен малмандай су болып тұрмын. Үстімнен жағымсыз иіс шығып тұр. Үсті-басымның бәрі балшық-балшық, құлағымның іші суға толы. Жартылай естіп, көзімді әрең ашып тұрдым. Әпкем не ұрысарын, не күлерін білмей үнсіз қалды. Мені жетектеп, толған шелектерді ұстап, уйге бет алды. Уйге жеткен соң, болған оқиғаны әжеге айтып бердім. Сәл ашуланып, сабақ болсын деп:

-Мынауың не? Киімдеріңді отырып жуып ал!- деді.

Жуынып, өз-өзіме келіп, үсті-басымды ретке келтірдім. Әпкем мені ұйқыға жатқызды. Ұйқыдан тұрып, дастархан басына келіп жайғастым. Үшеуі мен жайлы әңгіме айтып, күліп жатыр екен. Әжем маған жымып қарап:

-Үлкендердің сөзін енді тыңдайсың ба? Ақылды қыз боласың ба?- деді.

Ұялып, төмен қарадым. Кеш болса да, қатемді түсінгендей болдым. Осы оқиғадан кейін, әр ісімді ақылға салып, ойланып жасайтын болдым.

Қазір бұрынғы бұрымы селкілдеген қыз есейген. Оң-солын танытын жасқа жеткен. Алайда жаз мезгілі келгенде сол бір балалық шақтағы есімде қалған оқиға есіме түссе, бір күліп аламын.

Нұрай АРЫСБЕКОВА,
1-курс студенті

ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

БІЛІКТІ ДӘРІГЕР-БІЛГІР МАМАН

«Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» дейді ханық даналығы. Білікті, білімді адамдар әр заманда қажет. Медицинада тәжірибелі маманның орны бір бөлек. Ем өздігінен берілмейді, қарапайым екпе де өздігінен салынбайды. Бүгінгі жаңа технологиялар, компьютерлер қаншалықты дамыған заман болса да, адамның жұмысын компьютер жасап бермейді. Білімді, әрі білікті дәрігерлер әрдайым қажет. Сондықтан бүгін де, ертең де медицинаны майталман мамандарсыз елестету мүмкін емес.

Қаламызда, әсіресе, облыс көлемінде де халыққа қалтқысыз еңбек етіп жүрген Жумадуллаев Икрамжан Қаххарұлын айтуға болады.

Жумадуллаев Икрамжан Қаххарұлы 1994 жылы Түркістан облысы, Түркістан қаласы қарапайым, дәрігерлер отбасында дүниеге келді. «Ат ізін тай басар» демекші, ол да әкешесінің жолын қуу мақсатында дәрігерлік мамандығын

жылда оториноларингологиялық науқастар жайлы, жасалынған операциялар бойынша зерттеу жүргізді.

Жалпы оториноларингологиялық науқастарға жасалынған операциялар саны-364. Оның ішінде ең көп жасалынған операция түрі -«Септопластика», яғни мұрын қалқанының қисаюуы, саны 113 (31%).

Мұрын септумы мұрын қуысын салыстырмалы түрде екі тең жартыға бөлетін шеміршек пен сүйек құрылымдарынан тұрады және мұрын ішіндегі ауа ағындарының бағытын құрайды. Осының арқасында мұрынмен еркін тыныс алу қалыпқа келеді, деммен жұтылған ауа жылынып, ылғалдандырылады, мұрынның басқа қорғаныс функциялары қалыпты жұмыс істейді, иіс сезімі пайда болады.

Қисықтық мұрынның тікелей жарақатына байланысты пайда болуы мүмкін және адамның өсу процесінде біртіндеп пайда болуы мүмкін, көптеген адамдар ерте балалық шақтағы мұрын жарақаттарының әсерінен мұрын қалқанының қисаюуы пайда болады.

Мұрын қалқанының қисаюуы, мұрынмен тыныс алудың қиындауы - бұл патологиялық және физиологиялық әртүрлі жағдайларда кездесетін жалпы симптом. Егер бұл жағдай созылмалы болса, бұл аурудың өршуіне алып келеді және науқастардың өмір сүру сапасына теріс әсер етеді. Септопластика-оториноларингологтар жиі жасайтын хирургиялық операциялардың бірі. Ең жиі кездесетін асқынулар – мұрын септумының перфорациясы. Бұл асқынулардың себептерінің бірі-операция кезінде мұрын септумының шырышты қабығының жарылуы немесе бөлінуі. Шырышты қабықтың жыртылуының хирургиялық тактикасы оны тігуді қамтиды.

Оның қызметтегі тәжірибесі мен өмірлік жиған-терген білімі сан ұрпақтың қажетіне жарар мол байлық. Іске мығым, қашанда жаңалыққа жаны құмар Жумадуллаев Икрамжан



таңдады. 2011 жылы Шымкент қаласы Сайрам ауданы Ю.Саремий атындағы мектеп гимназиясын бітірді. 2016 жылы Түркістан қаласы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Жалпы медицина» (бакалавр) мамандығын бітірді. 2018 жылы қазақ-түрік университетінің филиалы Шымкент медицина институтын (интернатура) бітірді.

Адам бойында мейірімділік, жауапкершілік, адалдық және тұрақтылық сияқты қасиеттер болу керек деп түсінеді. Ол медицинаға 24 жасында адамдарға көмектесем, дәрігер болам деп келді. Содан бері қызметін адалдықпен, үлкен жауапкершілікпен атқарып келеді.

Қазіргі таңда ОҚМА да «Оториноларингология, сонымен қоса балалар Оториноларингологиясы» бағыты бойынша 3-курс резиденті. Ол 2022 жылдың басында ХҚТУ клиникалық-диагностикалық орталығында Хирургия (ЛОР) бөлімшесінде тәжірибе алмасты, шұғыл және жоспарлы түрде көптеген операциялар, сонымен қатар дәрі-дәрмекпен емдеу іс-шараларын жүзеге асырды. 2021 жылғы статистика мәліметтеріне сүйене отырып, ХҚТУ ҚДО да бір

Қаххарұлының бүгінде медицинадағы ең соңғы технологияларды меңгеруге ұмтылып тұратынын әріптестері айтып келеді.

«Ауырып жазылған жан – олжа, жоғалып табылған мал – олжа» демекші, адам үшін ең басты орында тұратыны, әрине, денсаулық. Осы «олжаны» сізге сыйлайтын, оны

ауырлықтан шығарып алып беретін медицина қызметкерлері ғой. Солардың бірі – білікті дәрігер, білгір маман Жумадуллаев Икрамжан Қаххарұлы!

Адам денсаулығының сақшысы Түркістан тумасы Жумадуллаев Икрамжан Қаххарұлын өзінің ақ адал еңбегімен көпшіліктің алғысына бөленіп жүр. Қаншама жанның өміріне арасшасы, дертіне дауа табушы маман иелеріне әрқашан сенім артамыз! Ақ жүрек пен аялы алақан иелеріне тек табыстар тілеп, халыққа қызмет етуде шаршамаңыздар деп тілек білдіреміз! Халықтың денсаулығын нығайтуға қосқан лестеріңіз бен еселі еңбектеріңіз жансын, ақ халатты абзал жандар!

**Дадашев И.П.,
Хирург дәрігер**





AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİNDE TÜRK HALKLARI ZEKÂ OYUNLARI MERKEZİ AÇILDI

Türk halklarının zekâ oyunlarını tanıtmak ve geliştirmek amacıyla hazırlanan ve Üniversitemizin kuruluşuna özel 30 projeden biri olan Ahmet Yesevi Üniversitesi Türk Halkları Zekâ Oyunları Merkezi, 8 Haziran 2022 tarihinde merkez kütüphanede düzenlenen törenle açıldı.

Açılışa Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Dr. Zhanar Temirbekova, Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Kazakistan Cumhuriyeti Kamu Yönetimi Akademisi Rektörü Yerlan Abil, Dünya Tokuzkumalak Federasyonu Başkanı Alihan Baimenov ile çeşitli kurumlardan yöneticiler ve akademisyenler katıldı. Sunum konuşmalarında satranç ve mangala gibi Türk kültürü açısından önemli olan zekâ oyunlarının tanıtımının ve geliştirilmesinin gerekliliğine vurgu yapıldı.



AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ PERSONELİNE TEŞEKKÜR PROGRAMI

Geçtiğimiz Ramazan ayı boyunca her akşam 1500 öğrenciye iftar hazırlayarak gösterdikleri hizmet ve özverili çalışmalarını nedeniyle Ahmet Yesevi Üniversitesi Turan Yemekhanesi personeli için düzenlenen programda Üniversitemiz Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar tarafından çalışanlarımıza teşekkür belgeleri ve ödülleri takdim edildi.




AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANI PROF. DR. MUHİTTİN ŞİMŞEK, TÜRK HAVA YOLLARI YÖNETİM KURULU BAŞKANI PROF. DR. AHMET BOLAT'I ZİYARET ETTİ

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK, Türk Hava Yolları Yönetim Kurulu ve İcra Komitesi Başkanı Prof. Dr. Ahmet Bolat'ı ziyaret etti. Görüşmede Üniversitemiz ile ilgili projeler ele alınarak ikili iş birliği hususları değerlendirildi.

Prof. Dr. Muhittin ŞİMŞEK, Prof. Dr. Ahmet BOLAT'a Ahmet Yesevi Üniversitesi yayınlarından takdim etti.



AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ QS SIRALAMASINDA DÜNYA ÜNİVERSİTELERİ ARASINDA İLK 750 VE EECA ÜNİVERSİTELERİ SIRALAMASINDA 130. SIRADA YER ALDI



Üniversitemiz, Global 1400 üniversite arasında ilk 750'ye; Akademik Değerlendirme kriterlerine göre yapılan sıralamalarda ise 362. Sıraya yerleşmiştir. Gelişmekte olan Avrupa ve Orta Asya (EECA) Üniversiteleri sıralamasında 2022 yılında 450 üniversite arasında 130. sıraya yerleşerek geçen yıla göre 45 basamak yükseldi.

Sıralamaların oluşturulmasında Akademik Atıf Oranları, Akademik İtibar, Mezuniyet Sonrası İş Bulma oranları gibi pek çok ölçüt ele alınmaktadır.

QS sıralamasındaki başarılarından dolayı üniversite personelimizi tebrik ederiz.

СОҢҒЫ БЕТ

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН – ДІҢГЕГІМІЗ!

Қазақ халқы салт-дәстүр, жөн-жоралғыға бай. Соның ішінде ең қастерлі дүниесі бар. Ол – ұлттық ойындар.

Нидерландық мәдениеттанушы Иохан Хейзинг «Ойнаушы адам» кітабында «Ойын – қоғамның кез-келген саласында өзіндік рөл атқарады» дейді. Шын мәнінде де «ойнасаң да – ойлап ойна» немесе «ойнадың, бірақ ойыңдағыны айттың» деп жатады. Осыдан-ақ, қаншалықты маңызды қызметке ие екендігін бірден байқауға болады.

Дәлірек:

- Ойын – өмір;
- Ойын – тағдыр;
- Ойын – күлкі;
- Ойын – арман.

Фольклортанушы ғалым Кенжехан



Ісләмжанұлы «Ойын мен рәсім (ритуал) - адамзат қоғамының аса маңызды әлеуметтік қарым-қатынас құралы» дейді. Расында көшпенді халықтар әрбір күні әрбір күнін



көңілді өткізуге тырысқан. Ананың жүрегінің астына бала құрсаққа, біткеннен бастап, туылу, балалық, жігіттік, орта жас, қарттық кезең бәрі ойынмен өрілген. Бұл арада наурыздың семантикалық қасиетін айтпай кетуге болмайды. Ұлыстың ұлы күні ойын-сауықсыз өтпеген. Қыстан жүдеп шыққан халықтың көңіл-күйін көтеруге, жадыратуға, жаңа жылға жаңа арман, мақсаттармен баруға негізделген.

ТЕҢГЕ ІЛУ

Теңге ілу – бозбалалар мен жігіттердің атпен ойнайтын ойыны. Көбіне қыз ұзатылатын және сүндет тойларының думанында ойналады. Жігіттің атқа мықтылығы, ат үстіндегі әрекеті, денесін игеріп, билеп алған ептілігі сынға салынады. Теңгені іліп ала алмай, аттан ауып қалып жататындар да көп болады. Кейде бір ауылға келін ұзағырақ жылдардан кейін түсіп, беті ашылғаннан кейінгі сайранда ырым үшін де ойналады. Сонда жас келін өзінің шолпысын не алқа күмістерін орамалға түйіп, бір қарыстай терең қазылған, қолдың басы ғана сиятын шұңқырға салып қояды. Сәйгүлік мінген жігіттер жүз, жүз елу метрдей жерден екпіндете шауып келіп, сол ағынымен шұңқырдағы орамалды іліп әкетуге тиіс. Шұңқыр тұсында іркіліп, тоқтауға не аттың шабысын

бәсеңдетуге болмайды. Кімде-кім орамалды іліп әкетсе, оны өзіне тартылған жас келіннің тарту сыйы деп біледі. Оны өзі алып қалмайды, қалаған адамына сыйлайды.

АСЫҚ ОЙЫНЫ

Асық ойыны қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойыны. Ұсақ малдың (қой, ешкі) асықты жілігінен алынған жұмыр сүйек - асықтай ойналады. Иіргенде түскен алпына қарай асық - алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арналған арнайы қорғасын құйылып жасалғаны - сақа, оң қолмен атуға ыңғайлысы - оңқы асық аталады. Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан (хан ату), қақпақыл, т.б.

АЛТЫБАҚАН

Алтыбақан – қазақтың ежелгі ұлттық ойыны. Тымық кеште, айлы түнде, ауыл сыртында ойналады. Алтыбақан құру

үшін 6 бақан немесе 6 сырық, үш арқан керек. Бақандарды үш-үштен бір басын буып, аралығын үш-төрт метр етіп, мосы тәріздендіріп орнатады да жоғары жағы сырықпен жалғастырылады. Бақандардың жоғарғы ашаларына екеуі жоғарырақ, бірі төмен етіліп үш арқан тартылады. Жоғарғы екеуі отыруға немесе бел сүйеуге арналады, төменгі арқанға табан тіреледі. Қыз бен жігіт қарама-қарсы орналасып, бел арқанның екі жақтауынан бекем ұстап, үшінші адамның демеуімен тербетіледі. Тербелушілер қосылып ән бастайды да оған тамашалаушылар қосылып, думандатып әкетеді. Бел, табан арқандарының орнына соңғы кезде жеңіл тақтайлар қолданылып жүр. Алтыбақан ойыны ежелгі көшпелі елдер арасында кең таралған. Отырықшы халықтарда ол өткеншек деп те аталады. Алтыбақаннан айырмасы ол тұрақты орнатылады және жалғыз адамға арналады. Алтыбақанның қажетті заттары – тез құрастырылып, жиналатын үй мүліктері. Ойын көпшілікке арналған. Жастарды әріптес таңдауға, ептілікке, тапқырлыққа, өнерлілікке бейімдейді. Алтыбақан көріністері театр өнерінде халықтың ұлттық тұрмыс ерекшеліктерін көрсету, сахнаны әсерлендіру тұрғысында да лайықты орын алды. Қазақ телевизиясы 1970-жылдары көгілдір экраннан жүйелі түрде «Алтыбақан» сауықкешін ұйымдастырып тұрды.

P.S. Жалпы әр ойынның өз миссиясы болған. Асық ойындары баланы батылдыққа баулиды. Теңге ілу ширақ бо-



лып, әскери өнерге тәрбиелейді. Алтыбақан отау құру жастардың шаңырақ көтеруіне жәрдемдеседі. Осылайша ойындардың күнделікті тіршіліктегі мән-мағынасы бейнеленген. Наурыз мейрамы адамзатты ойынның қасиетімен жақындастырған демекпіз.

Азиза ЖОЛДЫБАЕВА,
ХҚТУ «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының
1 курс магистранты.

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru

Медиа орталығы:

журналист

Эльмира АРТЫҚБАЕВА
elmira_artykbaeva@mail.ru

Фото маманы:
Н.Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.